

## **Сабақтың тақырыбы:** Таза бұлақ. Ы.Алтынсарин

### **•Сабақтың мақсаты**

- Адамзат пен табиғат арасындағы байланысты үйрену

### **•Сабақтың міндеті**

- Әңгіменің мазмұнын түсіну, бұлақ сөзінің мағынасын білу.
- Нақыл сөздерді тауып, жаза алуы.
- Мәтіндегі үш жолаушының ойын бағалай алуы.
- Топтық жұмыс кезінде өз ойын жүйелі жеткізу

### **•Күтілетін нәтиже**

- Әңгіменің мазмұнын аша біледі.
- Оқушылар өз ойларын, пікірлерін ашық айта біледі.
- Нақыл сөздерді тауып, жаза алады.
- Жаңа сөздерді меңгереді.

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді меңгерту

**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ



**Сабақтың әдіс-тәсілдері:**

Топтастыру, Жигсо, бағытталған сұрақтар, автобус аялдамасы

**Көрнекілігі:**

АКТ, А4 форматты қағаз, маркер, қима қағаздар, суреттер, слайд

№	Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті.	Сабақ барысынан көрініс
1	Ұйымдастыру кезеңі	<p><i>Сәлемдесу :</i>  <i>Топқа бөлу :</i> үлестірмелі қима қағаздар арқылы</p>	<p>-Көңіл-күйлері көтеріледі.  Зтопқа бөлінеді.</p>	
2	Оқушыларды білімді белсенді меңгеруге дайындау кезеңі	<p>Слайдтан бұлақтың сылдырлаған дыбысын тыңдату.</p>	<p>-Бұлақтың дыбысы естілді?</p>	
3	Жаңа сабаққа кіріспе	<p>-Ненің дыбысы естіледі?  -Бұлақтың суы қандай деп ойлайсыз?  -Бұлақ суының пайдасы бар ма?  -Бұлақ суының тазалығы, мөлдірлігі көз алдыға нені елестетеді? Бөлінген топ аттары арқылы сұрақтар қою. Сол қойылған сұрақтар арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. Су сөзінің мағынасын ашу.</p>	<p>-Көрсетілген суреттер арқылы оқушылар сұраққа жауап береді.  Су- жаңбыр, қар, мұз, көл, өзен, мұхит, жуынамыз, шомыламыз, шай, шөлімізді қандырады т.б</p>	

№	Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті.	Сабақ барысынан көрініс
	Жаңа сабақ	Жаңа тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылады. Мәтінмен жұмыс, мәтінді түсінгенін білу үшін сұрақтар қойылады. -Үш жолаушы неге бұлақ басына келді? -Үш жолаушы бұлақ басынан қандай жазуды оқыды?	Сұраққа жауап бере отырып оқушылар сабақтың тақырыбын өздері ашады. Джигсо стратегиясы бойынша мәтінді оқып талдайды. Ой толғаныс жасайды, топтық жұмыс жасайды.	 
	Сергіту сәті	Тамшы болып тамайық Арықпен бірге ағайық. Көлшік болып жиналып Күнге қолды бұлғайық Күн көзімен тұрайық	-Көңіл күйлері көтеріледі, бойлары сергиді.	 
	Дәптермен жұмыс	Мәтіндегі үш жолаушының пікірлеріндегі нақыл сөздерді тауып, дәптерлеріне жазғызу	Балалар топтық жұмыс жасайды.	 
	Жаңа сабақты бекіту	Оқушыларға, әр топқа сұрақтар беру. Автобус аялдамасы әдісі бойынша жауап береді.	 	 
	Сабақты қорыту	Кері әсер парағын тарату	Топ сарапшылары пікірін айтады, баға береді.	
	Бағалау	Бағалау критерий бойынша		



• Мен не өзгерте

• алдым?

• Оқушылар сабақтың басынан аяғына дейін белсенділікпен қызу еңбек жасауда болды. Топта ынтымақтастықпен жұмыс істеуге үйренді

• Оқушылар жаңа материалды өздігінен игерді. Сабақта Зарина, Қуаныш, Нұрсұлтанның белсенділік танытқаны көрінді

• Сыни ойлауға қалыптаса бастады. Шығармашылық қабілеттері көрінді.

• Әңгіменің мазмұнын аша білді. Оқушылар өз ойларын ашық айта білді.

• Топ ішінде бірінің білмегенін бірі түсіндіріп, ынтымақтастықта жұмыс атқарды.



# Бақылауға алған үш оқушым

Кез-келген уақытта түрлі тапсырмаларды орындай алады. Сөз саптауы, ой дербестігі күрделіге деген ұмтылысы байқалды.

Үлгерімі жақсы, өз ойын еркін жеткізе білетіні байқалды. топпен жұмыс жасау қабілеті артты. **Сымбат** бақта белсенділік танытты. **Ырысты**

Үлгерімі төмен оқушы. өз пікірін топ арасында білдіруді үйренді. Сабаққа деген қызығушылығы артты, шығармашылық қабілеті көрінді

•Зарина

